



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2025 жылғы 25 сәуір

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот төрағасы А.А.Дронов,
баяндаушы судья А.М. Ажибраимова, судьялар Э.В. Айриян,
Д.П. Александров, А.А. Забара, Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов,
А.Б. Кишкембаев, Н.В. Павлова, А.Г. Тунян,
сот отырысының хатшысы Б.Р. Эгембердиеваның қатысуымен,
баяндамашы судьяны тыңдап, іс материалдарын зерделеп,
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 2, 46, 47, 49, 50, 68,
69, 73–75, 96–98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 14, 18, 19, 24, 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала
отырып,

Қырғыз Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі
тұлғасында Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін түсіндіру
туралы өтініші бойынша консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрақтары

1. Қырғыз Республикасының Көлік және коммуникация
министрлігі тұлғасында Қырғыз Республикасы (бұдан әрі – өтініш
беруші) Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің
көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу тәртібінің (Үйлестірілген
(келісілген) көлік саясаты туралы хаттамаға № 2 қосымша (2014 жылғы
29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 24
қосымша; бұдан әрі тиісінше – Тәртіп, № 24 қосымша, Шарт) 8, 9, 10 және
13-тармақтарының ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық
экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі тиісінше – Сот, Одақ) жүгінді.

2. Өтініш беруші Шарттың 86-бабының, 87-бабы 1-тармағының,
№ 24 қосымшаның 18, 19-тармақтарының, Тәртіптің 6-10,

13-тармақтарының нормаларына сілтеме жасай отырып, көптүрліліктің болуы теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерін жекелеген тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына алып келуі мүмкін болғандықтан, өз кезегінде біркелкі жүйені немесе нысанды қолдануды білдіретін біріздендірілген тарифтер қағидатының сақталуы талабымен мүше мемлекеттер ұлттық заңнамасына сәйкес теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің шекті деңгейін (бағалық шегін) белгілеуге (өзгертуге) құқылы екенін көрсетеді.

Алайда, практикада жүктерді мүше мемлекеттер арасында, оның ішінде басқа мүше мемлекеттің аумағы арқылы (экспорттық, импорттық және мемлекетішілік тасымалдауларды қоспағанда) өтетін тасымалдаулар тарифтеріне ғана арттыру индексі қолданылатын жағдай орын алды, оның нәтижесінде Тәртіптің 13-тармағы түсінігіндегі транзиттік бағыттарда жүктерді тасымалдау кезінде көлік қызметтеріне төлем артады.

Өтініш берушінің пікірі бойынша, арттыру индекстерін қолданудың осындай кемсітушілік тәртібі Одақ құқығында көзделмеген қандайда бір транзиттік тарифті туғызады, бұл біріздендірілген тарифтер қағидатын бұзуға алып келеді. Өтініш беруші теміржол тасымалдарының біріздендірілген тарифтеріне арттыру индексін белгілеу кемсітпейтін негізде және мүше мемлекеттердің теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерін тұтынушылар мен теміржол көлігі ұйымдары арасында экономикалық мүдделері тепе-теңдігін сақтай отырып жүргізілуі тиіс деп ойлайды.

Айтылғандар негізінде, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерін жекелеген тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы, нарыққа қатысушылар үшін әркелкі жағдайлар жасау және Одақтың келісілген көлік саясаты қағидаттарының бұзылуы қаупінің болуын көрсете отырып, өтініш беруші Соттан мынадай мәселелер бойынша түсіндірме беруді сұрайды:

1) Біріздендірілген тарифтер ұғымы шекті деңгейді (бағалық шегін) қамтиды ма немесе бұл тек базалық мөлшерлемеге ғана қатысты ма?

2) Мүше мемлекет Тәртіптің 9 және 10-тармақтары ережелерінде көзделген ұлттық құқықты іске асыру кезінде Тәртіптің 8-тармағында көрсетілген қатынастар түрлері бойынша біріздендірілген тарифтерді (экспорттық, импорттық және мемлекетішілік) қолдану қағидасын бұзуы мүмкін бе?

3) Мүше мемлекеттердің бірі бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өтетін тасымалдауларға арттыру коэффициентін қолданған жағдайда біріздендірілген тарифтер қағидаты (Тәртіптің 8 және 13-тармақтары) бұзылады ма?

4) Егер біріздендірілген тариф Тәртіптің 13-тармағында көрсетілген жағдайларда міндетті қолданылатын болса, бұл дәл осы бағыттағы мемлекетішілік тасымалдауларға (басқа мүше мемлекеттердің қатысуынсыз бір мүше мемлекеттің ішіндегі тасымалдаулар) қолданылмауы мүмкін дегенді білдіре ме?

5) Шекті деңгейлер (бағалық шегі) шеңберінде жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту кезінде мүше мемлекет жүктерді бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына тасымалдау кезінде жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне бағаны едәуір көтеруге алып келетін Одақ ішінде транзиттік бағыттағы тасымалдауларға ғана (экспорттық, импорттық және мемлекетішілік тарифтен өзгеше) арттыру коэффициентін қолдануға құқылы ма?

6) Мүше мемлекеттердің теміржол көлігі ұйымдары мүше мемлекеттердің өздеріне алған № 24 қосымшаның 18-тармағының 2 және 3-тармақшаларында көзделген міндеттемелерін, сондай-ақ Одақта жүзеге асырылатын үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын ескере отырып, Тәртіптің 9 және 10-тармақтары ережелерінің жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту бөлігін қалай іске асыруы тиіс?

3. Соттың Үлкен алқасы Одақтың құқық нормаларын біркелкі қолдануды қамтамасыз ету бойынша Сот қызметінің мақсатына (Еуразиялық экономикалық одақ соты Статутының 2-тармағы (Шартқа № 2 қосымша; бұдан әрі – Статут) қол жеткізу үшін Соттың Консультативтік қорытындысында өтініш берушінің сұрақтарына жауаптар түсініктеме беру сұралған Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің тиісті ережелері толық көлемде түсіндірілетіндей етіп және осындай тәртіпте баяндалуы мүмкін деп есептейді.

Соттың Одақтың құқығын құрайтын тиісті халықаралық шарттар мен актілердің ережелеріне түсініктеме беруі Соттың Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің түсініктеме беру талап етілген нақты ережелерінің мазмұнын ашып беруді және мағынасын анықтауды білдіреді (Р-7/24 іс бойынша 2025 жылғы 14 сәуірдегі Консультативтік қорытындының 4-тармағы). Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы Консультативтік қорытындыда мүше мемлекеттердің не олардың теміржол көлігі ұйымдарының осындай ережелерді сақтауы дәрежесін бағалауды ұсыну мүмкін емес деп белгілейді. Соттың осы мәселелерге баға беруі тек

Статуттың 39-тармағы тәртібімен дауларды шешу туралы істер бойынша ғана мүмкін болады.

4. Өтініш берушінің сұрақтарының мазмұнын, олардың логикасы мен өзара байланысын ескере отырып, осы істің шеңберінде Тәртіптің 8, 9, 10, 13 және 14-тармақтарының ережелері, оларда көзделген тарифтік саясатты жүзеге асыру тәртібі түсініктеме беруге жатады.

II. Соттағы рәсім

5. Статуттың 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ сотының Регламентімен (бұдан әрі – Регламент) айқындалады.

Регламенттің 75-бабына сәйкес істі қарауға дайындық шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссияға, Армения Республикасының Аумақтық басқару және инфрақұрылымдар министрлігіне, Беларусь Республикасының Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігіне, Беларусь Республикасының Көлік және коммуникация министрлігіне, Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне, Қырғыз Республикасының Көлік және коммуникация министрлігіне, Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігіне, Ресей Федерациясының Бас прокуратурасына, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтына, Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымына (ТЖЫҰ) сұрау салулар жіберілді және олардан жауаптар алынды.

III. Соттың қорытындылары

6. Статуттың 2-тармағына сәйкес Сот қызметінің мақсаты оның ережелеріне сәйкес, мүше мемлекеттер мен Одақ органдарының Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін біркелкі қолдануын қамтамасыз ету болып табылады.

Сот Статуттың 46 және 50-тармақтарына сәйкес мүше мемлекеттің немесе Одақ органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне және Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады, бұл ретте Сот халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын қолданады.

Халықаралық шарт 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) 31-бабына сәйкес шарттың терминдеріне олардың

контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілетін әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс.

7. Шарттың 1-бабына сәйкес оның шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етілетін (көрсетілген баптың 1-тармағы) және халықаралық құқық субъектілігіне ие, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылатын (2-тармақ) Еуразиялық экономикалық одақ құрылды.

Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары Шарттың 3-бабында айқындалған, оған сәйкес Одақ өзінің қызметін Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде мүше мемлекеттердің егемендік теңдігі мен олардың аумақтық тұтастығы қағидаттарын қоса алғанда, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтеу, Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын, тең құқылығын және ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

Шарттың 3-бабы сонымен бірге мүше мемлекеттердің Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдай жасайтынын және Одақ мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіре алатын шаралардан қалыс қалатынын көздейді.

Шарттың 4-бабына сәйкес Одақтың негізгі мақсаттары: мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесіне орай олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау; Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу; жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

8. Мүше мемлекеттердің көлік саясаты саласындағы ынтымақтастығы туралы ережелер Шарттың «Көлік» деген ХХІ бөлімінде және № 24 қосымшада қамтылған.

Шарттың 86-бабының 1-тармағына сәйкес Одақта экономикалық интеграцияны қамтамасыз етуге, бәсекелестік, ашықтық, қауіпсіздік, сенімділік, қолжетімділік және экологиялық қағидаттарында бірыңғай көлік кеңістігін жүйелі және кезең-кезеңмен қалыптастыруға бағытталған үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты жүзеге асырылады.

Сот теміржол тасымалдарының тарифтері туралы № Р-4/17 іс бойынша 2017 жылғы 20 қарашадағы Консультативтік қорытындыда (бұдан әрі – Соттың 2017 жылғы 20 қарашадағы Консультативтік қорытындысы) атап өткендей, «мүше мемлекеттер көлік саласында онда

айқындалған мақсаттарға, қойылған міндеттерге және тұжырымдалған басымдықтарға қарай әрі үйлестірілген, әрі келісілгенде саясатты жүзеге асырады».

Шарттың 86-бабының 2-тармағына сәйкес үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының міндеттері деп, атап айтқанда:

- 1) көлік қызметтерінің ортақ нарығын құру;
- 2) көлік саласындағы ортақ басымдықтарды және үздік практикалардың іске асырылуын қамтамасыз ету бойынша келісілген шаралар қабылдау;
- 3) мүше мемлекеттердің көлік жүйелерін әлемдік көлік жүйесіне интеграциялау;
- 4) мүше мемлекеттердің транзиттік әлеуетін тиімді пайдалану белгіленген.

№ 24 қосымшаның 2-тармағына сәйкес көліктік көрсетілетін қызметтердің ортақ нарығы өзінде көліктік қызметтер көрсетудің тең және паритетті жағдайлары жасалатын, олардың көлік түрлері бойынша нарықтың жұмыс істеу ерекшеліктері № 24 қосымшада, сондай-ақ Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалатын экономикалық қатынастар нысанын ұсынады.

Шарттың 86-бабының 3-тармағына сәйкес үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының негізгі басымдықтарына, атап айтқанда, бірыңғай көлік кеңістігін қалыптастыру, еуразиялық көлік дәліздерін құру және дамыту, Одақ шеңберінде транзитті әлеуетті іске асыру және дамыту, көлік инфрақұрылымының дамуын үйлестіру жатады.

Шарттың 86-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдерін Жоғары Еуразиялық кеңес айқындайтын үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын мүше мемлекеттер қалыптастырады.

Бұл ретте Шарттың 87-бабының 2-тармағында тәртібі, шарттары және кезеңділігі № 24 қосымшада көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалатын мүше мемлекеттердің мүше мемлекеттер арасындағы көлік қызметтерін кезең-кезеңімен ырықтандыруға ұмтылатыны бекітілген.

Мәлімделген жайт көлік саясатына арналған Шарт нормаларының мақсатты бағыты бірыңғай көлік кеңістігін қалыптастыруды қоса алғанда, көлік қызметтерінің ортақ нарығын құруды, сондай-ақ Одақ шеңберінде транзиттік әлеуетті іске асыруды және дамытуды қамтитынын білдіреді.

9. Шарттың 87-бабының 1-тармағына сәйкес көліктің басқа түрлерімен қатар теміржол көлігіне Шарттың «Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары» деген XVIII және «Табиғи монополиялар»

деген ХІХ бөлімдерінің ережелерін және № 24 қосымшада көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, «Көлік» деген ХХІ бөлімінің ережелері қолданылады.

Көрсетілген норма Шарттың 78-бабының 3-тармағымен үйлеседі, оған сәйкес табиғи монополиялардың нақты салаларындағы құқықтық қатынастар Шарттың ХХ және ХХІ бөлімдерінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Шарттың ХІХ бөлімімен реттеледі.

Осылайша, теміржол көлігі саласындағы құқықтық қатынастар Шарттың көлік, бәсекелестік және көрсетілетін қызметтер саудасы туралы ережелерден басқа, сонымен бірге табиғи монополиялар қызметін айқындайтын ережелермен де реттеледі.

10. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 20 қосымша; бұдан әрі – № 20 қосымша) 2-тармағында «табиғи монополия» және «табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу» ұғымдарына анықтамалар берілген:

«табиғи монополия» көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайларын жасау көрсетілетін қызметтердің осы түрін жүргізу мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне орай мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын көрсетілетін қызметтер нарығының жай-күйін білдіреді;

«табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу» – бұл табиғи монополиялар субъектілері саласына жататын көрсетілетін қызметтерді бір мүше мемлекеттің табиғи монополиялар субъектілерінің екінші мүше мемлекеттің тұтынушыларына техникалық мүмкіндігі болған кезде қолайлылығы осындай көрсетілетін қызмет бірінші мүше мемлекеттің тұтынушыларына ұсынылатыннан кем болмайтын жағдайда көрсетуі.

№ 20 қосымшаның 3-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер № 20 қосымшаға № 1 және 2 қосымшаларда көрсетілген табиғи монополиялар салаларындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және (немесе) бақылау кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен тұтынушылар үшін олардың сапасының тиісті деңгейін, табиғи монополиялар субъектілерінің тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ететін мүше мемлекеттердің тұтынушылары мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгерімін сақтау;

табиғи монополиялар субъектілерінің салалық ерекшеліктерін, қызмет ауқымдарын, нарықтық конъюктураны, орта мерзімді (ұзақ

мерзімді) макроэкономикалық және салалық болжамдарды ескере отырып, оларды икемді тарифтік (бағалық) реттеуді, сондай-ақ осы субъектілерді тарифтік (бағалық) реттеу шараларын қолдану, оның ішінде тұтынушының (тұтынушылар топтарының) кез келген мүше мемлекетке тиесілілік қағидаты бойынша белгіленбейтін, сараланған тариф белгілеу мүмкіндігін қолдану;

ішкі нарықтарға қол жеткізу кедергілерін, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету жолымен азайту;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін, сабақтастығын, ашықтығын, объективтілігі мен айқындығын қамтамасыз ететін рәсімдерін қолдану;

табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу қағидаларын табиғи монополиялар субъектілерінің сақтауын қамтамасыз ету;

тұтынушылардың мүдделерін, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша тарифтерді (бағаларды) қолдануға байланысты әртүрлі бұзушылықтарынан қорғау.

11. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру кезінде тарифтік реттеу; № 20 қосымшада белгіленген реттеу түрлері; мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген реттеудің өзге де түрлері (№ 20 қосымшаның 5-тармағы) секілді реттеудің түрлері (нысандары, әдістері, тәсілдері, құралдары) қолданылады.

Сот 2017 жылғы 20 қарашадағы Консультативтік қорытындыда табиғи монополиялар субъектілерінің мүше мемлекеттер деңгейінде көрсетілетін қызметтерін тарифтік (бағалық) реттеудің аса маңызды мәнін атап өтті және бұл мәселеде мүше мемлекеттердің дискрециясы абсолютті емес және № 20 қосымшаның 6-тармағына сәйкес:

1) ұлттық органның табиғи монополиялар субъектілері үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды), оның ішінде олардың шекті деңгейлерін ұлттық орган бекіткен әдіснаманың (формуланың) және оны қолдану қағидаларының негізінде, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің белгіленген тарифтерді (бағаларды) қолдануына ұлттық органның тиісті бақылауын белгілеуі (бекітуі);

2) ұлттық органның табиғи монополия субъектісі тарифтерді (бағаларды) белгілейтін және қолданатын әдіснаманы және оны қолдану қағидаларын, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді (бағаларды) белгілеуі мен қолдануына ұлттық органның бақылауын белгілеуі (бекітуі) жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін тарифтік (бағалық) реттеуді айқындайтын ережелерден көріп отырғанымыздай, ұлттық органның табиғи монополиялар субъектілері үшін реттелік көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) белгілеуі (бекітуі) осындай тарифтердің шекті деңгейлерін де белгілеуді қамтуы мүмкін.

12. Шарттың ХХІ бөлімі № 20 қосымшаның ережелерімен өзара байланыста теміржол көлігі қызметін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу ерекшеліктерін айқындай отырып, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу талаптарын көздейді.

Бәсекелес нарықпен салыстырғанда табиғи монополияның тарифтік саясатында бәсекелес компаниялардың көптігі түріндегі шығасылар және қарама-қарсылықтар жүйелері жоқ. Осыған байланысты тарифтік реттеу функциясын оның уәкілетті органдары (реттеушілер) тұлғасында мүше мемлекет орындайды.

№ 20 қосымшаның ережелерін қолданудың ерекшеліктері Одаққа мүше мемлекеттердің Одаққа мүше басқа мемлекеттердің теміржол көлігіне қолданылатын мүдделерін, үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының жалпы қағидаттарын міндетті түрде ескере отырып, табиғи монополиялар қызметі мәселелерін өзінің ұлттық заңнамасы негізінде өз бетінше реттейтіндігінде болып табылады.

13. № 20 қосымшаның 18 және 19-тармақтарына сәйкес мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес реттеу және (немесе) бақылау жөнінде өкілеттік берілген мүше мемлекеттердің ұлттық органдары жұмыс істейді, олардың функцияларына:

табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін тарифтік (бағалық) реттеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу, оның ішінде мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларда, табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қосылу (бірігу) үшін төлемдер (бағалар, тарифтер, алымдар) белгілеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерінде тұтынушылардың мүдделерін қорғау;

реттелетін тарифтерді (бағаларды) белгілеу және қолдану, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мәселелері бойынша шағымдарды, арыздарды қарау, дауларды реттеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылауды, оның

ішінде тексерулер жүргізу жолымен және өзге де нысандарда (мониторинг, талдау, сараптама) жүзеге асыру;

мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де функциялар жатады.

Бұл ретте мүше мемлекеттердің ұлттық органдары өз қызметін мүше мемлекеттердің заңнамасына, Шартқа, сондай-ақ мүше мемлекеттердің өзге де халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

14. № 24 қосымшаның «Теміржол көлігі» деген V бөлімінің 18-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер өзара тиімді экономикалық қатынастардың одан әрі дамуына жәрдемдесу тәртібімен теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді және осы көрсетілетін қызметтерге тарифтерді мемлекеттік реттеуге келісілген тәсілдерді қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, егер мұндай реттеу мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген болса, мынадай мақсаттарды айқындайды:

1) теміржол көлігі саласында көліктік көрсетілетін қызметтердің ортақ нарығын кезең-кезеңмен қалыптастыру;

2) әрбір мүше мемлекеттің аумағы бойынша тасымалдарды жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттер тұтынушыларының теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне осы әрбір мүше мемлекеттің тұтынушылары үшін жасалған жағдайлардан қолайлығы кем емес жағдайларда қол жеткізуін қамтамасыз ету;

3) мүше мемлекеттердің теміржол көлігі көрсетілетін қызметтерінің тұтынушылары мен теміржол көлігі ұйымдары арасында экономикалық мүдделер теңгерімін сақтау;

4) бір мүше мемлекеттің теміржол көлігі ұйымдарының басқа мүше мемлекеттің теміржол көлігі көрсетілетін қызметтерінің ішкі нарығына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

5) Тәртіпке № 1 және 2-қосымшаларға сәйкес мүше мемлекеттер инфрақұрылымының көрсетілетін қызметтеріне тасымалдаушылардың қол жеткізу жағдайларын қамтамасыз ету.

№ 24 қосымшаның 19-тармағына сәйкес тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу № 24 қосымшаға № 2 қосымшада (яғни, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Одаққа барлық мүше мемлекеттердің міндетті қолдануына жататын Тәртіппен), сондай-ақ халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Одақ шеңберінде теміржол көлігі саласындағы тарифтік саясат мынадай түрде айқындалған.

Тәртіптің 2-тармағына «теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тариф» және «теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері»

ұғымдарына анықтамалар берілген:

«теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тариф» – теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері құнының ақшалай мәні;

«теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері» – теміржол көлігі ұйымдарының тұтынушыларға көрсететін (орындайтын) қызметтері (жұмыстары), атап айтқанда: жүктерді тасымалдауды және жүктерді тасымалдауды (соның ішінде бос жылжымалы составты) ұйымдастыруға және жүзеге асыруға байланысты қосымша көрсетілетін қызметтер (жұмыстар); жолаушыларды, багажды, жүк-багажын, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау және осындай тасымалға байланысты қосымша көрсетілетін қызметтер (жұмыстар); инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтер.

Тәртіпте «шекті деңгейлер (бағалық шегі)» ұғымына анықтама берілмеген.

Сонымен бірге № 20 қосымшаның 6-тармағының 1-тармақшасында «ұлттық органның табиғи монополиялар субъектілері үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды), оның ішінде олардың шекті деңгейлерін белгілеуі (бекітуі)» құралымы пайдаланылғанын ескеру керек. Орыс тілінде «оның ішінде» деген сөз тіркесі сөйлемнің бірінші бөлімінде сөз болып отырған тұтас нәрсенің бөлігі болып табылатын сөйлем мүшесі қосылған кезде қолданылады.

Осыған ұқсас контексте Тәртіптің 6 және 7-тармақтарында теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге қатысты «шекті деңгей (бағалық шегі)» ұғымы қолданылады.

Осылайша, шекті деңгей (бағалық шегі) мүше мемлекеттер ұлттық заңнамаға сәйкес айқындайтын жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің ең жоғары және ең төмен деңгейін білдіреді.

Теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің шекті деңгейі (бағалық шегі) жалпы тарифке қолданылады және сол немесе өзге индекстерді қолдану есебінен артық болмауы тиіс, бұл мүше мемлекеттердің тарифтерді қалыптастыру қағидаттарын халықаралық деңгейде бекітіп, олардың бағалық шегін бекітуде өз дискрециясын шектегені туралы Соттың 2017 жылғы 20 қарашадағы Консультативтік қорытындысында берілген көзқараспен расталады.

Одақ құқығының нормалары теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді реттеу кезінде тарифтік саясат негіздеріне қолданылатын «транзит» ұғымына анықтаманы қамтымайды. Бұған қоса Тәртіптің 14-тармағы жүктерді теміржол көлігімен бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағы арқылы үшінші елдерге және кері бағытта тасымалдауды, сондай-ақ жүктерді үшінші елдерден үшінші

елдерге мүше мемлекеттердің аумағы арқылы транзитпен тасымалдаған кезде транзиттік бағыттар ретінде айқындайды. Бұндай жағдайлар үшін мүше мемлекеттер 1996 жылғы 18 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігінде келісілген тарифтік саясатты белгілеу тұжырымдамасына сәйкес үйлестірілген (келісілген) тарифтік саясат жүргізеді. Осылайша, Тәртіптің тек қана 14-тармағында аталған жағдайларда мүше мемлекеттің аумағы транзиттік деп танылады, жүктерді мүше мемлекеттер арасында, сондай-ақ үшінші мемлекеттің аумағын қиып өтумен мүше мемлекеттер арасында теміржол көлігімен тасымалдауды біріздендірілген тариф қолданылатын Одақ шеңберіндегі ішкі тасымалдар деп есептеу қажет.

16. Теміржол көлігі ұйымдары сол немесе өзге мүше мемлекет тұтынушысының тиесілігіне, оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, Тәртіптің және мүше мемлекеттердің заңнамасын ескере отырып, оның теміржол көлігі көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді (Тәртіптің 3-тармағы).

Тәртіптің 6-тармағына сәйкес теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер және (немесе) олардың шекті деңгейі (бағалық шегі) мүше мемлекеттердің заңнамасына және өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес тарифтерді саралау мүмкіндігі қамтамасыз етіле отырып, халықаралық шарттарға сәйкес мына қағидаттар сақтала отырып белгіленеді (өзгертіледі):

1) теміржол көлігі көрсетілетін қызметтеріне тікелей қатысты экономикалық негізделген шығындарды өтеу;

2) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес теміржол көлігінің дамуын қамтамасыз ету;

3) теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің ашықтығын, сондай-ақ экономикалық жағдайлар күрт өзгерген кезде мүше мемлекеттерге алдын ала хабар бере отырып, мұндай тарифтерді және (немесе) олардың шекті деңгейін (бағалық шегін) қосымша қайта қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді белгілеу туралы шешімдерді қабылдаудың жариялығын қамтамасыз ету;

5) жүктер номенклатурасын және табиғи монополиялар жағдайларында көрсетілетін теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер белгілеу қағидаларын айқындауға үйлесімді тәсілді қолдану;

6) өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес әр мүше мемлекетте теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер валютасын айқындау.

Тәртіптің 7-тармағына сәйкес теміржол көлігінің көрсетілетін

қызметтеріне тарифтер немесе олардың шекті деңгейлерін (бағалық шегін) белгілеу (өзгерту) өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес Тәртіпті ескеріле отырып жүргізіледі.

Осылайша, Тәртіптің 3, 6 және 7-тармақтары теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер және (немесе) олардың шекті деңгейлерін (бағалық шегін) белгілеудің (өзгертудің) негіздерін айқындайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы Одаққа мүше мемлекеттердің теміржол көлігі ұйымдары жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту туралы шешім қабылдау құқығын іске асыру кезінде шекті деңгейлер (бағалық шегі) шекарасын және мүше мемлекеттердің нақты тұтынушылары үшін, оның ішінде нақты тауар өндірушілері артықшылық жасауға жол бермеу қағидаттарын сақтауға міндетті деген қорытындыға келеді.

17. Одаққа мүше мемлекеттер Шартта өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес оларды саралау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып және Тәртіптің 9 және 10-тармақтарын сақтай отырып, мүше мемлекеттердің біріздендірілген тарифтерін пайдаланумен жүктерді теміржол көлігімен тасымалдаудың тең жағдайларының келісілген қағидаттарының негізін қалаған.

Мәселен, Тәртіптің 8-тармағына сәйкес жүктерді теміржол көлігімен мүше мемлекеттер аумақтары бойынша тасымалдаған кезде қатынастар түрлері бойынша біріздендірілген тарифтер (экспорттық, импорттық және мемлекетішілік тарифтер) қолданылады.

Бұл Соттың Үлкен алқасының Одаққа әрбір мүше мемлекеттің өз аумағында тасымалдау кезінде цифрмен біркелкі көрініс таппайтын, бірақ тарифтерді қалыптастырудың бірыңғай тәсілдемелері мен қағидаттарына негізделген тариф деңгейін қолданатыны туралы қорытынды жасауына мүмкіндік береді. Бұл ретте әрбір мүше мемлекет № 20 қосымшаның 6-тармағы қағидаларына сәйкес олар айқындаған шекті деңгейлер (бағалар шегі) шеңберінде біріздендірілген тарифті өз бетінше белгілейді.

Шартта «біріздендірілген тариф» ұғымының анықтамасы қамтылмағандықтан, Соттың 2017 жылғы 20 қарашадағы Консультативтік қорытындысында біріздендіру (латынша *unus* – бір, *facio* – жасаймын) біркелкі ету, бірыңғай түрге, жүйеге немесе нысанға келтіру дегенді білдіретіні және рұқсат етілген элементтер мен шешімдердің тізбесін қысқарту арқылы артық сан алуандықты жоюға бағытталған тиімді, кеңінен таралған әдіс болып табылатыны атап көрсетілген. Қарастырылып отырған контексте тарифті біріздендіру

әртүрлі тарифтер – экспорттық, импорттық және мемлекетішілік – бірыңғай біріздендірілген тарифпен алмастырылатындығында болып табылады. Біріздендірудің мәні мүше мемлекеттердің келісімге келе отырып, теміржол тасымалдары саласында протекционизмнен ерікті түрде бас тартуында, бірақ біріздендірілген тарифті әрбір мүше мемлекет № 20 қосымшаның 6-тармағымен белгіленген қағидаларға сәйкес ол айқындаған шектер шеңберінде өз бетінше белгілейтіндігінде болып табылады.

Соттың Үлкен алқасының пікірі бойынша, тарифтерді біріздендіруді жүргізу теміржол қатынасы түріне (импорттық, экспорттық немесе мемлекетішілік) тәуелсіз жүктерді тасымалдау құнын реттеуге, Одаққа мүше мемлекеттердің барлық тауар өндірушілері, теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерін тұтынушылар үшін тең тарифтік жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған.

Біріздендірілген тарифтерді қолдану қағидаты мүше мемлекеттердің қатынастың (тасымалдың) түріне тәуелсіз тарифтерді есептеуде біркелкі тәсілдемені сақтауы қажеттілігін білдіреді.

18. Тәртіптің 9-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің теміржол көлігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау, бұрын теміржол көлігімен жүзеге асырылмаған жаңа жүк ағындарын тарту, теміржолдар бойынша жүктерді тасымалдаудың тартылмаған немесе аз тартылған маршруттарын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету, мүше мемлекеттердің теміржолдар бойынша жүктерді тасымалдау көлемінің өсуін ынталандыру, теміржол көлігі ұйымдарының жаңа техника мен технологияларды енгізуін ынталандыру мақсатында экономикалық тұрғыдан орындылығына негізделе отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары белгілеген немесе олар келіскен шекті деңгейлер (бағалық шегі) шеңберінде жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту туралы шешімдерді қабылдау құқығы беріледі.

Айтылған жайттан Одақ құқығына сәйкес тарифтердің шекті деңгейлерін (бағалық шегін) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары белгілейтінін, ал мүше мемлекеттің теміржол көлігі ұйымдары осы шекті деңгейлер (бағалық шегі) шеңберінде тарифтердің деңгейін өзгерту туралы шешімдер қабылдайтынын көрсетеді.

Тәртіптің 10-тармағына сәйкес теміржол көлігі ұйымдары өздеріне берілген жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту құқығын мүше мемлекеттердің нақты тауар өндірушілері үшін артықшылық жасауға

жол бермеу негізгі қағидатын сақтай отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары бекітетін (айқындайтын) әдіснамаға (әдістеме, тәртіп, қағидалар, нұсқаулықтар немесе өзге де нормативтік актілер) сай шекті деңгейлер (бағалық шегі) шеңберінде іске асырады.

Осылайша, Тәртіптің 9 және 10-тармақтарының ережелерінде көзделген жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту құқығын іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және мүше мемлекеттің теміржол көлігі ұйымдарының шешімдері мен әрекеттері Тәртіптің 8-тармағында бекітілген жүктерді мүше мемлекеттердің аумақтары бойынша тасымалдаған кезде қатынас түрлері бойынша біріздендірілген тарифтерді қолдану қағидасына сәйкес келуі тиіс. Бұл ретте мүше мемлекеттердің нақты тауар өндірушілері үшін артықшылық жасауға жол бермеу негізгі қағидаты және оған сәйкес бір мүше мемлекеттің теміржол көлігі ұйымының басқа мүше мемлекеттің тұтынушыларына осыған ұқсас көрсетілетін қызметтер бірінші мүше мемлекеттің тұтынушыларына көрсетілетін жағдайлардан қолайлығы кем емес жағдайларда қызмет көрсететін теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тең қол жеткізу қағидаты сақталуы тиіс.

19. Тәртіптің 13-тармағына сәйкес (2022 жылғы 31 наурыздағы редакцияда) мүше мемлекеттердің әрқайсысы жүктерді теміржол көлігімен:

мүше мемлекеттер арасында, оның ішінде басқа мүше мемлекеттің аумағы (басқа мүше мемлекеттердің аумақтары) және (немесе) үшінші елдердің аумақтары арқылы;

мүше мемлекеттің аумақтары арасында басқа мүше мемлекеттің аумағы (басқа мүше мемлекеттердің аумағы) және (немесе) үшінші елдердің аумақтары арқылы;

бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағы (басқа мүше мемлекеттердің аумақтары) және (немесе) үшінші елдердің аумақтары арқылы үшінші елдерге мүше мемлекеттердің теңіз порттары арқылы және кері бағытта тасымалдау кезінде өз заңнамасына сәйкес белгіленген біріздендірілген тарифті қолданады.

Жүктерді тасымалдау кезінде біріздендірілген тарифті қолдану туралы ережелер Тәртіптің 8 және 13-тармақтарында (тегеурінді сипатқа ие) ғана қамтылған, олар өзара байланыста үш критерийді біріктіреді: жүктерді тасымалдау, біріздендірілген тарифті қолдану және Одақ ішінде жүктерді тасымалдаудың нақты аумағын (бағыттарын) айқындау.

Бұл ретте Одақ құқығы мүше мемлекеттің жүктерді тасымалдайтын теміржол бағыттарының оның аумағынан өтуі (мемлекетішілік

тасымалдау) немесе жүктерді басқа мүше мемлекеттер арасында осы мүше мемлекеттің аумағы арқылы тасымалдау критерийі бойынша біріздендірілген тарифтерді қолдануға біркелкі емес тәсілдемені болдырмайтынын атап өту керек.

Тәртіптің 13-тармағының ережелерін талдаудан оның жеке алғанда бір мүше мемлекеттің аумағы бойынша жүктерді тасымалдау кезінде туындайтын қатынастарды реттемейтінін көруге болады.

Алайда Тәртіптің 8-тармағы жеке алғанда бір мүше мемлекеттің аумағы бойынша жүктерді тасымалдау кезінде біріздендірілген тарифті қолдану қажеттілігін көрсетеді, онда біріздендірілген тариф қатынастар түрлері бойынша (экспорттық, импорттық және мемлекетішілік тарифтер) қолданылады.

Тәртіптің 8-тармағын және 13-тармағын жүйелі түсіндіру біріздендірілген тариф жүкті жөнелту пункті және оның келу пункті Одақ аумағында болған кезде не Шартта тікелей көзделген өзге жағдайларда қолданылатынын анықтап алуға мүмкіндік береді.

20. Соттың Үлкен алқасы Тәртіптің 9 және 10-тармақтары Шарттың 86-бабының 2-тармағында қойылған міндеттерді шешуге және Тәртіптің 9-тармағында және № 24 қосымшаның 18-тармағында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған Шарттың, № 20 және 24-қосымшалардың өзге ережелерін сақтай отырып іске асыруға жатады деп есептейді.

Осындай мән-жайлар кезінде теміржол көлігі ұйымдары № 24 қосымшаның 18-тармағы 2, 3-тармақшаларының ережелерін ескере отырып, өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес шекті деңгейлер (бағалық шегі) шеңберінде жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға құқылы.

21. Жоғарда айтылғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсіндіруді ұсынады:

Тарифтер үшін, оның ішінде біріздендірілген тариф үшін шекті деңгейлерді (бағалық шегін) әрбір мүше мемлекет ұлттық заңнама негізінде белгілейді.

Біріздендірілген тарифтің шекті деңгейлері (бағалық шегі) жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтер құнының ақшалай мәнінің ең жоғары және ең төмен деңгейін білдіреді.

Тәртіптің ережелері Тәртіптің 8 және 13-тармақтарында көрсетілген барлық жағдайларда жүктерді тасымалдау кезінде біріздендірілген тарифтерді қолдануға біркелкі тәсілдемені көздейді.

Тәртіптің 8-тармағының жүктерді тасымалдау кезінде теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне біріздендірілген тарифтерді қолдану

туралы талабы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының тарифтерді және (немесе) олардың шекті деңгейін (бағалық шегі) белгілеуге (өзгертуге) де, теміржол көлігі ұйымдарының осы тарифтердің деңгейін өзгерту туралы шешімдер қабылдауына да қолданылады.

Мүше мемлекеттердің теміржол көлігі ұйымдарының Тәртіпте белгіленген мақсаттарда экономикалық тұрғыдан орындылығына негізделіп отырып, белгіленген шекті деңгейлер шеңберінде және бір мүше мемлекеттің теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерін нақты тұтынушылар үшін басқа мүше мемлекеттің тұтынушыларына осыған ұқсас теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне қатысы бойынша және мүше мемлекеттердің нақты тауар өндірушілері үшін артықшылық жасауға жол бермеу қағидаттарын міндетті түрде сақтаумен тарифтер деңгейін өзгертуіне жол беріледі.

Мүше мемлекеттің теміржол көлігі ұйымдарының шекті деңгей (бағалық шегі) шеңберінде жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерге тарифтердің деңгейін өзгерту құқығын іске асыруы мүше мемлекеттің заңнамасына, Тәртіп талаптарына және жалпы алғанда Шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Соттың Үлкен алқасы Консультативтік қорытынды шеңберінде Одақ құқығы нормаларын бұзушылықтың болуы/болмауы туралы, мүше мемлекеттердің және олардың теміржол көлігі ұйымдарының нақты қызметін бағалау туралы, сондай-ақ осындай қызметтің мүше мемлекеттерде баға белгілеуге ықпал етуі туралы мәселелерді шешудің мүмкін емес екенін белгілейді, себебі аталған мәселелер түсініктеме беру туралы істер бойынша Соттың өкілеттігінен тыс болып табылады.

IV. Қорытынды ережелер

Осы консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян